

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ІСКЕР ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МЕКТЕП ТӘЖІРИБЕСІНІҢ РОЛІ

Қ.А.Жолдасбекова

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Педагог мамандықтары студенттеріне тәрбиенің қыр-сырын әртүрлі жұмыс формалары мен әдіс-тәсілдері арқылы меңгертуде мектеп тәжірибесінің мәні зор, зерттеу педагогика іліміндегі өзекті мәселе.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби қабілеттері мен педагогикалық іскерлігін қалыптастырып, дамытуда, мұғалімдік мамандыққа сүйіспеншілігі мен тұрақты қызығушылығын тәрбиелеуде, өз бетінше білімін жетілдіріп отыруға, дағдыландыруға, шығармашылық әрекетті қалыптастыруда мектептегі тәрбие ісіне ерекше көңіл бөлінеді. Студенттерге теориялық қағидалардың болашақ тәрбие барысында маңызын түсініп, ой елегінен өткізуге, балаларды әртүрлі шараларға қатыстыруға көмектеседі.

Дәлірек айтқанда мектептегі тәрбие жұмыстары студенттердің теориялық білімін тексеріп, бекітудің, кәсіби іскерлігін қалыптастырудың маңызды шарты ғана емес, тәрбие ісін ұйымдастырудың формалары мен әдістерін үйренуге мүмкіндік туғызады.

Бұл бағытта бейнелеу өнері мамандығы бойынша III курс студенттері мектептің тәрбие ісіне тікелей араласып қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың белгілі тәрбиелік негізіне бағытталған шаралар жүйесін арнайы бағдарлама негізінде іске асыратынын байқадық.

Мәдениеттілік адам бойында бірден біте қоймайды [1].

Мәдениеттілік өзінді әртүрлі жағдайда мінез-құлықтың жалпы ережелеріне ғана емес, этикалық талаптарды да қанағаттандыратындай ұстай білу. Мәдениеттілік шынайы әдептілік сезімі. Әдепті адам ыңғайсыздық тудыратын жағдайды болдырмауға тырысады.

Мәдениетті болу үшін өзінді басқа адам орнына қоя біл. Мәдениеттілік басқа адамдарға өзінің сезімін білдірмейді. Адам мәдениеті неғұрлым жоғары болса, айналасындағыларға қарым-қатынасы қарапайым сыпайы болады. Келесі сұхбат-әңгіме "Адамның бір қасиеті мінез деген ..." Бұл шағын әңгіме қарым-қатынас барысындағы қажетті мінез ерекшеліктеріне бағышталады. Мінез адамның жоғары мәдениеттілігін білдіреді. Дүниеде қанша адам бар, сонша мінез бар. Алайда әр адамның өз мінезін басқара, бағындыра білуі қалыптасқан жақсы әдеп пен мәдениеттіліктің көрінісі.

Студенттер оқушылар арасында көтерген бұл мәселе мектеп ішінде үлкен қызығушылыққа ие болды. 9-10 сынып оқушылары ашық тақырыпқа жабық әңгіме ретінде сыр шертіп, келесі сұхбат-әңгімеге идея-ұсыныс жасады.

Сыпайылық-мәдениеттілік айнасы.

Әр адам анадан туғанда ақылды-дана болып тумайды. Сол себепті мінезде дүниеге келгеннен кейін бірте-бірте қалыптасады [2].

Адамға ең бағынышты жақсы қасиет - адамгершілік, қайырымдылық, мейірімділік, сыпайылық. Бұл қасиеттер мәдениеттілік нормаларына жатады. Сыпайы болу өте жарасымды қасиет. Өз ожданы алдында адал, шыншыл болуы ізгі қасиеттерді толықтыра түседі. Адамшылық қасиеттер адамдардың достық қарым-қатынасын туғызады. Достық жігі қалай жақындаса да, ол мәдениеттілік деңгейді сақтау керек.

Алынған нәтижелерді өңдеу, қорыту.

Студенттер өткізген осындай түрлі зерттеулерді әдістемелік сағаттар кезінде жан-жақты талдап, талқыладық. Талдау барысында кейбір студенттер зерттеу жұмысының барысы туралы пікірлерін білдірсе, кейбіреулері оқушылармен жұмыс жүргізу тиімділігі туралы ұсыныстарын айтты.

Тәрбие шараларын ұйымдастыру барысында тапсырмаларды орындау, зерттеу нәтижелерін талдап, қорытындылау, олардың мұғалімдік қызметті игерудегі білім, іскерлік, дағдыларын жетілдірумен бірге, жеке тұлғаның қасиеттерін қалыптастыруға айрықша әсер етті.

Көптеген студенттер осы бағытта зерттеу жұмыс жүргізуге қызығушылық білдірді.

Тәрбие жұмыстары студенттерге педагогтік қарым-қатынас, мектеп мұғаліміне қойылып отырған жаңа талаптардың сәйкестігін анықтап, бағалауға мүмкіндіктер берді.

Бұл кезеңде болашақ мұғалімдердің педагогикалық ойлау қабілетін дамытып, педагогикалық қызметке іскерлік қатынасын қалыптастыруға ықпал ететін өзін-өзі тәрбиелеу, өздігімен білім алу талпынысы мен белсенділігі артқандығы анықталды.

Зерттеу барысындағы ең негізгі нысана мұғалімнің жеке тұлғасына қатысты сапалардың қалыптасқандығын байқадық. Атап айтқанда, болашақ мұғалімдердің педагогикалық қызметке моральдық-психологиялық қатынасы өзгерді, теориялық білімі молайып, әдістемелік, машықтық іскерлік, дағдылары жетілді [3].

Студенттердің біраз бөлігі мектептерде тәрбие жұмысы негізінде қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеудегі іскерліктерді жоғары дәрежеде меңгергенімен, олардың бұл бағыттағы жалпы даярлық деңгейінің әлі де болса жеткіліксіз екендігін атап көрсеткен жөн. Қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеудің құралдар мен әдіс-тәсілдерін тәрбие мақсатына орай нақты саралап пайдалану міндеттерін өздігімен дербес, шығармашылық тұрғыда шеше алмады.

Сондықтан, біз студенттердің практикалық іскерліктерін жетілдіре түсу мақсатына IV-курс тағы қорытынды мемлекеттік педагогикалық практика бағдарламасының мүмкіндіктерін пайдалануға ұмтылдық.

Бұл орайда студенттердің педагогтік әрекетті игерудегі білім деңгейі мен оны практикада пайдалану іскерліктеріне қойылатын бағдарламаның талаптар ескеріліп, студенттерге жаңа міндеттер жүктелді. Ол - қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға бағытталған шаралардың жолдарын кеңінен қамту арқылы аталған проблеманы практикада мүмкіндігінше толық шешу болып табылады.

Бұл міндеттерді іске асыру үшін студенттерден төмендегідей педагогикалық тапсырмаларды орындау талап етілді:

1) практика барысында іскер қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған нақты жұмыс жоспарын құру;

2) жұмыс формалары, әдістері мен тәсілдерін таңдап, оларды практикада пайдалану мен нәтижелі шарттарын анықтау;

3) қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу мүмкіндіктеріне ұмтылған мұғалімдердің оқу-тәрбие шараларына қатысу, олардың нәтижелілігін анықтау, талдау;

4) ата-аналармен қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеуге бағытталған түрлі жұмыс жоспарларын ұйымдастыру (кештер, тақырыптық баяндамалар, ата-аналар жиналысы, ата-аналар бұрышы);

5) қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеудегі өздерінің теориялық практикалық даярлық деңгейлерін анықтап, сараптау.

Оқушылардың тәрбиесін қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеуге бағытталған дербес тәжірибелік жұмыстарды орындау студенттерден саяхаттар, мерекелер, көрмелер, тақырыптық әңгімелер, кештер, тәрбие сағаттарын өткізу, ұйымдастыру тәсілдерін еркін меңгеруді талап етеді.

Жоғарыда аталған тапсырмаларды орындау студенттердің педагогтік әрекетке кәсіби даярлығының жетілуіне үлкен әсер етті, мұғалімдердің озық іс-тәжірибелерімен танысып, тәжірибелерін молайтуына жол ашты.

Сонымен қатар, тәжірибенің алғашқы кезеңдерінде оқушылармен жұмыс істеу тәжірибесін меңгерген студенттер, оқушылардың жас және жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, эксперимент жұмысы барысында терең мазмұнды тәрбие шараларын өткізе білді.

Тәжірибе кезінде студенттер "Шешен сөйлеу - өнер", "Менің келбет ерекшелігім", "Тұрмыстық мәдениет". т.б. тақырыптарда тәрбие сағаттарын сайыстар "Идеал басшы", "Мадақтау өнері", "Сын және сендер" тақырыптарында іскерлік ойындар ұйымдастырды.

Студенттердің педагогикалық әрекеттегі қарым-қатынас мәдениеті негізінде оқушылармен машықтық жұмыстар мен зерттеулер атқарудағы білім іскерліктерін жетілдіру, даярлықтарын қалыптастыру жайына көңіл бөлініп, өзіміз ұсынған арнайы тапсырмалардың ықпалын, тиімділігін анықтау мақсатымен жұмыстар жүргізілді.

Қорыта айтқанда, педагогикалық жоғары оқу орындары мамандықтарында педагогикалық-психологиялық пәндерге қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру бағытында жасалған оқу-тәрбиелік бағдарламалар және педагогикалық практика негізінде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру шараларын тәрбие оқу-ісінде пайдалану, болашақ мұғалімдердің кәсіби, теориялық, практикалық даярлығын толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Әдебиет

- 1 Балтабаев М.Х. Педагогическая культурология. - Алматы, 2000. -268 б.
- 2 Крылова Н.Б. Формирование культуры будущего специалиста. -М.: Высшая школа, 1990. - 142 с.
- 3 Бондоравская Е.В. Педагогическая культура как общественная и личная ценность//Педагогика.-1999.-№ 3. -С. 37-43.

Резюме

Рассматривается роль школьной практики в формировании культуры делового общения будущих учителей. Объектом исследования являются студенты специальности «изобразительное искусство». Обсуждаются конкретные педагогические задачи в формировании культуры делового общения студентов во время прохождения практики.

Summary

The role of school practice in formation of future teachers business communication culture have been considered. The students of art are under study.

Concrete pedagogical tasks for formation in students business communication culture during practice are being discussed.